

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

№74 (239), сәуір 2026 ж.

Тұлғаға тағзым,
ғылымға құрмет



Ерлердің
дара жолы



Өз болашағыңа – «Болашақ»
бағдарламасымен бірге!



ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ТОҒЫСҚАН АЛАҢ:

Университет базасында

Қазақстан

математиктерінің
I конгресі өтті

Шымкентте Әуезов университетінің базасында қазақстандық және шетелдік жетекші математиктер бас қосып, ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелерді талқылады. Алғаш рет ұйымдастырылған Қазақстан математиктерінің Бірінші конгресіне ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Түркі әлемінің математикалық қоғамының және Қазақстандық математикалық қоғамының президенті, академик Бақытжан Жұмағұлов, ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Тынысбек Кәлменов және Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Арман Сәбитов қатысты.

Сонымен қатар конгреске математика, механика және ақпараттық технологиялар саласындағы жетекші ғалымдар, зерттеушілер, шетелдік сарапшылар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, мектеп мұғалімдері қатысып, жалпы 500-ге жуық математик бір алаңға жиналды.

Жалғасы 4-5 бетте.



Өңірлік экологиялық RES 2026 саммиті: Университет ғалымдары ауқымды ғылыми жобаларын таныстырды

Астана қаласында бірқатар елдің Мемлекет басшыларының қатысуымен Өңірлік экологиялық RES 2026 саммиті өтті. Аталған маңызды халықаралық жиынға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жән басқа да мемлекеттердің басшылары мен премьер-министрлері, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымы мен өзге де халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Саммит аясында өткен RES 2026 EXPO халықаралық жасыл және тұрақты технологиялар көрмесінде қазақстандық жоғары оқу орындары өздерінің ғылыми жетістіктерін ұсынды. Солардың қата-

рында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ғалымдары да экология және тұрақты даму саласындағы бірқатар инновациялық жобаларын таныстырды.

Университеттің ғылыми жетістіктерін ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректор А.Қ. Жәнібеков Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекке және көрме қонақтарына таныстырды. Министр ұсынылған жобаларды жоғары бағалап, олардың өңірлік экожүйені дамытуға және экологиялық мәселелерді шешуге қосатын үлесін ерекше атап өтті.



Ғылым жолында еңбек етіп жүрген қызметкерлерге құрмет көрсетілді



Әуезов университетінде ғылым жолында табандылықпен еңбек етіп жүрген қызметкерлерге құрмет көрсетілді. 12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күніне орай университет қабырғасында «Ғылым – болашақ кілті» атты салтанатты жиын өтті.

Салтанатты шараның ашылуында М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректор Ақынқожа Кәленұлы Басқарма Төрағасы – ректор Дархан Жұмаханұлының ізгі тілегі мен құттықтауын жеткізді. Ғылымның ел дамуындағы стратегиялық маңызына тоқталып, университет ғалымдарының халықаралық деңгейдегі жетістіктерін ерекше атап өтті. Сондай-ақ, ғылымға қосқан елеулі үлесі үшін профессор-оқытушылар құрамына ректордың Алғыс хатын табыстады. Бұл марапаттар – тынымсыз еңбектің, ізденіс пен жаңашылдықтың айқын көрінісі болды.

Еліміздің ғылыми өміріндегі маңызды оқиға – Қазақстан математиктерінің I конгресін жоғары деңгейде ұйымдастыруға белсене атсалысқан қызметкерлер да назардан тыс қалмай, лайықты құрметке ие болды.

Auezov University QS Stars-та 4 жұлдыз иеленді



Quacquarelli Symonds (QS) беделді халықаралық рейтингтік агенттігі жүргізген тәуелсіз бағалау нәтижесі бойынша М.Әуезов атындағы Оңтүстік

Қазақстан университеті «QS Stars Rating System» халықаралық рейтингінде 4 жұлдыз иеленді.

Бұл – университеттің білім беру сапасының жоғары деңгейін, халықаралық қауымдастық тарапынан мойындалуын және оқу орны қызметінің тиімділігін айғақтайтын маңызды көрсет-

кіш. Төрт жұлдыздық деңгей университеттің негізгі бағыттар бойынша – білім беру үдерісінен бастап түлектерді жұмысқа орналастыруға дейінгі қызметінің жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Бұл жетістік оқу орнын алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының қатарына қосады.

Жаңашыл педагогтардың VI Халықаралық форумы өтті

«Заманауи білім беру: сын-қатерлер, трендтер мен стратегиялар» атты жаңашыл педагогтардың VI Халықаралық форумына Қазақстан, Ресей, Қытай, Малайзия, Өзбекстан, Әзірбайжан және т.б. мемлекеттерінің профессор-оқытушылар құрамы қатысуда. Сондай-ақ, Шымкент қаласындағы колледж оқытушылары, жалпы білім беретін мектептер, лицейлер мен гимназиялардың мұғалімдері шақырылды.

Форумның мақсаты – педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту, білім беру сапасын арттыру және кәсіби-педагогикалық білім бе-



руді жаңғырту бағыттарын талқылау.

Ашылу салтанатында университет проректоры Ғани Бесбаев ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенованың құттықтауын жеткізді. Сонымен қатар, шетелдік және отандық ғалымдар білім берудегі инновациялар, педагогикалық психология және жасанды интеллекттің рөлі тақырыптарында баяндама жасады.

Форум аясында шеберлік сабақтары, ашық дәрістер мен пікір алмасу алаңдары ұйымдастырылды.



Үздік оқушылар университет гранттарына ие болды

Шымкент қаласы және Түркістан облысы мектеп бітіруші оқушыларына арналған Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндер комбинациясы бойынша олимпиаданың және «Жас талант» шығармашылық өнер конкурсы жеңімпаздары мен жүлдегерлері марапатталды.

Университеттің Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ернар Иманғалиев және білім саласының басқа да майталмандары білім мен өнер додасында жүзден жүйрік мыңнан тұлпар шыққан жеңімпаздарды, олар білім алған мектеп директорлары мен ғылыми жетекшілерін құттықтап, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың Басқарма Төрағасы-ректор

Дархан Ахмед-Закидің Алғыс хатын табыстады.

Дәстүрлі түрде өтетін олимпиадада биыл Шымкент қаласы, Түркістан облысының Сарыағаш қаласы, Түлкібас, Сауран, Шардара, Төле би, Мақтаарал аудандарынан келген кілмықтылар өздерінің білімін жоғары деңгейде көрсетті. Олимпиаданың нәтижесі бойынша 54 жеңімпаз анықталды.

I – орынға 18 оқушы (100% оқу ақысы тегін);

II – орынға 18 оқушы (75% оқу ақысына жеңілдік);

III – орынға 18 оқушы (50% оқу ақысына жеңілдіктер қарастырылған) лайық деп танылды.



«Study in Kazakhstan» білім көрмесі өтті

Университетімізде Қазақстандық жастарға сапалы білім алу мүмкіндіктерін таныстыруға бағытталған «Study in Kazakhstan» білім көрмесі өтті. Көрмеге әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының



Қазақстандағы филиалдары мен еліміздегі университеттер қатысты. Шарада жалпы 60-қа жуық жоғары оқу орны өз білім беру бағдарламалары мен мүмкіндіктерін таныстырды.



Университетіміздің жас ғалымы мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы аясында баспаналы болды



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Отбасы банк» АҚ бірлесіп жүзеге асырып жатқан жас ғалымдарды тұрғын үймен қамтамасыз ету бағдарламасы өз нәтижесін көрсетуде. Аталған бағдарлама аясында АР19679027 «Энергияны үнемдеу мақсатында жылумен жабдықтау жүйелерін тазалаудың бәсекеге қабілетті технологиясын әзірлеу» ғылыми жобасы бойынша жас ғалым Орманова Гаухар Мейірбекқызы бір бөлмелі пәтерге ие болды.

Гаухар Мейірбекқызы осы ғылыми жоба шеңберінде жоғары білікті маман ретінде ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді түрде қатысып келеді.



«EcoLab» экологиялық зертханасы ашылды

Университетімізде қалалық ортаға арналған автономды экологиялық зертхана іске қосылды. «EcoLab» деп аталатын бұл зертхана Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан «Қалалық ортаны сауықтыру үшін экоконструкциялық модульдердің инновациялық технологиясын әзірлеу» ғылыми жобасы аясында ашылды. Жоба жетекшісі – университеттің «Экология» кафедрасының меңгерушісі Айсұлу Абдуова.

Зертхана ұлттық киіз үйдің пішінінде экологиялық таза материалдардан жасалған. Ол гидропоника жүйесімен, ауаны тазартуға арналған фиточайтерлермен, күн панельдерімен, сондай-ақ метеостанция және түрлі датчиктермен жабдықталған. Жобаның негізгі мақсаты – урбандалған аймақтардағы қоршаған ортаны сауықтыру. Зертханада ауыр металдардың мөлшерін анықтау жұмыстарымен қатар, қоршаған ортаны залалсыздандыру бағытында да зерттеулер жүргізіледі.



Университет базасында Қазақстан математиктерінің I конгресі өтті



Жалғасы. Басы 1 бетте

Саясат Нұрбек Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Олжас Бектеновтың құттықтауын жеткізді. ҚР Ғылым және жоғары білім министрі өзі сөзінде «Қазір біз математика туралы қалыптасқан түсінік түбегейлі өзгеріп жатқан кезеңде тұрмыз. Бұрын ол «ғылымның бір саласы» ретінде қабылданса, бүгінде экономикаға, технологияға және мемлекеттік басқаруға әсер ететін шешімдердің негізіне айналды. Үлкен деректер, жасанды интеллект, цифрлық

егіздер, болжамдық модельдер - мұның барлығы, түптеп келгенде, математикаға сүйенеді. Әлемде бұл үрдісті әлдеқашан түсініп, қабылдап қойды. Фокус та біртіндеп өзгеріп келеді: енді тек ЖИ-ді қолдану емес, оның қалай жұмыс істейтінін терең түсіну маңызды, - деп өтіп өтті.

Конгреске қатысқан Нобель сыйлығының лауреаты, М.Әуезов атындағы ОҚУ құрметті профессоры Рае Квон Чунг Жасыл экономиканы дамытудағы математиканың маңыздылығына



тоқталды. Бақытжан Жұмағұлов конгресте математика ғылымын дамыту, ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейту және жоғары оқу орындары мен мектептердегі білім беру бағдарламаларын заман талабына сай жаңарту мәселелерін талқылайтындығын атап өтті.

Отандық математика ғылымына үлкен үлес қосқан академик Тынысбек Кәлменов Қазақстанда математика ғылымы көш ілгері екенін, отандық ғалымдардың халықаралық деңгейде жоғары нәтижелерге қол жеткізіп жүргенін жеткізді. Сондай-ақ ол математикалық зерттеулерді дамыту және жас математиктерді қолдаудың маңыздылығына ерекше тоқталды.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма-Төрағасы Дархан

Ахмед-Заки университеттің соңғы жылдардағы жетістіктері, халықаралық ынтымақтастықтағы серіктестіктер, «Al-Sana» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан жобалар және жасанды интеллект саласындағы инновациялық бастамалар туралы баяндама жасады. Ол оқу орнының ғылыми зерттеулерді дамыту, білім сапасын арттыру және халықаралық деңгейде танылу бағытындағы стратегиялық жоспарларын ерекше атап өтті.



Конгресс аясында әлем ғалымдары қатысқан халықаралық конференциялар

Әуезов университеті базасында Қазақстан математиктерінің I Конгресі аясындағы алты бірдей халықаралық конференция ұйымдастырылып, олардың әрқайсысында математика ғылымының өзекті мәселелері, ақпараттық технологиялардың даму үрдістері, заманауи зерттеулер мен озық халықаралық тәжірибелер жан-жақты талқыланды. Конгресс шеңберіндегі ғылыми конференциялар келесі негізгі бағыттарды қамтыды:

- Ғалымдар күніне арналған дәстүрлі сәуірлік халықаралық математикалық конференция;
 - «Ғылымдағы, техникадағы және білім берудегі есептеу және ақпараттық технологиялар» (CITech-2026);
 - «Кері және қисынды емес есептер: теория, қолданбалар және жасанды интеллект»;
 - «Ғылыми жасанды интеллект: математикалық әдістер және өнеркәсіптік қолданбалар»;
 - «Теориялық және қолданбалы механиканың іргелі мәселелері»;
 - «Цифрлық трансформация және жасанды интеллект дәуірінде мектептер мен жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың өзекті мәселелері».
- Аталған маңызды іс-шараға математика, механика және ақпарат-

тық технологиялар саласының жетекші ғалымдары, зерттеушілері мен жоғары оқу орындарының оқытушылары қатысуда. Өзбекстан, Қырғызстан, Жапония, АҚШ, Португалия, Түркия, Иран, Әзірбайжан сынды 20-дан астам елден келген шетелдік сарапшыларды қоса алғанда, барлығы 500-ге жуық математик бір ғылыми алаңда бас қосты.

Конференциялар барысында Түркі әлемінің математикалық қоғамының және Қазақстандық математикалық қоғамының президенті Бақытжан Жұмағұлов әр секцияда математика саласының дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдарға TWMS медалін табыстады.

Үш күнге жалғасқан конференция барысында математиканың даму бағыттары, жасанды интеллект саласындағы математиктердің рөлі, сондай-ақ жоғары және орта білім

беру жүйесінде математиканы оқытудың өзекті мәселелері кеңінен қарастырылды. Барлық баяндамалар мен ұсыныстар жүйеленіп, қорытынды материал ретінде жинақталып, қатысушыларға ұсынылады деп күтілуде.

Атап өту керек, конгресті ұйымдастырушылар қатарында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, Түркі әлемінің математикалық қоғамы, Қазақстандық математикалық қоғам және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті бар.





Тұлғаға тағзым, ғылымға құрмет



Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Қалменов Тынысбек Шәріпұлы биыл – 80 жасқа толды. Академик Т. Қалменовтің есімі тек отандық ғылымға ғана емес, әлемдік математикалық қауымдастыққа кеңінен танымал. Қазақстандағы математика ғылымның көшбасшы атанған ұлағатты ұстаздың 80 жылдық мерейтойы Әуезов университетінде үлкен деңгейде аталып өтті. Іс-шара Шымкент қаласында өтіп жатқан Қазақстан математиктерінің I конгресі аясында ұйымдастырылды.

Мерейлі жиынның мәртебелі қонақтары қатарында Түркі әлемі математикалық қоғамының және Қазақстандық математикалық қоғамның президенті, академик Б. Жұмағұлов пен Математика және математикалық модельдеу институтының бас директоры, академик М. Садыбеков болды. Сондай-ақ, іс-шараға Шымкент қаласы әкімдігі өкілдері, алыс-жақын шет елдерден Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарынан келген математика саласының белгілі ғалымдары, замандастары мен шәкірттері, оқу ордамыздың профессор-оқытушылар құрамы қатысты.



Алғаш сөз алған Бақытжан Жұмағұлов академиктің іргелі ғылымды дамытудағы ерен еңбегін, оның парасатты ұстаздық мектебі мен адамгершілік болмысын ерекше атап өтті. Университетіміздің Басқарма Төрағасы-ректор Дархан Ахмед-Заки ардақты ұстазға лебізін білдіріп, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хатын жеткізді. Сонымен қатар ерекше ықылас – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Құрметті профессоры атағын табыстап, сый-сияпат көрсетті.

Ғылымның шыңына көтерілген, ұстаздықтың ұлы жолын абыроймен жүріп өткен, елімізде теңдес-

сіз өз мектебін қалыптастырған Тынысбек Шәріпұлының атына айтылған ақ тілек пен көрсетілген құрметте шек болған жоқ. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген мәртебелі қонақтар тек математиканың сиқырлы тілімен ғана емес, адамдық ақ ниет пен достық пейілмен өз ілтипаттарын білдірді.

Ғылымға адал қызмет етіп, сан шәкірт тәрбиелеп, ел құрметіне бөлену – нағыз ұстаз бақыты деген осы болар!

Айта кетейік, Тынысбек Шәріпұлы 1991-1996 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің (сол кездегі Қазақ химия-технологиялық институты) ректоры қызметін абыроймен атқарған.



Auezov University ASU-Cintana Presidents' Summit 2026 саммитінде



2026 жылғы 20-24 сәуір аралығында М. Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы-ректор Дархан Ахмед-Заки бастаған делегация құрамында ASU-Cintana Presidents' Summit 2026 халықаралық саммитіне қатысты. Аталған іс-шара Arizona State University қолдауымен ұйымдастырылды.

Саммит Азия, Еуропа, Ұлыбритания, Латын Америкасы, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка өңірлерінен келген университет басшыларын біріктіріп, жоғары білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындауға және тәжірибе алмасуға арналған маңызды халықаралық алаңға айналды.

Университет делегациясы халықаралық рейтингтер, жаһандық жоғары білімді дамыту және инновациялық білім беру тәжірибелерін енгізу мәселелеріне арналған стратегиялық және тақырыптық сессияларға қатысты. Сонымен қатар Cintana Education серіктес жоғары оқу орындарының өкілдерімен сараптамалық талқылауларға қатысып, тәжірибе алмасты.

Саммиттің маңызды іс-шараларының бірі – ректор Дархан Ахмед-Заки Arizona State University президенті Майкл Кроу қатысқан пленарлық отырыстарға қатысуы болды. Аталған отырыстарда ASU-дың жетістіктері мен инновациялық тәжірибелері, сондай-ақ жоғары білім беруді дамытудың стратегиялық көзқарасы ұсынылды. Сонымен қатар Cintana Education ұйымының ASU серіктес университеттерінің жаһандық желісін қалыптастырудағы рөліне ерекше назар аударылды.



Саммит қорытындысы бойынша халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, бірлескен білім беру және ғылыми-зерттеу бастамаларын дамытуға, сондай-ақ жасанды интеллект және цифрлық білім беру технологиялары саласындағы жобаларды ілгерілетуге бағытталған басым бағыттар айқындалды.

Бейжің қаласында өткен 31-ші Қытай халықаралық білім беру көрмесінде университеттің білім беру мүмкіндіктері таныстырылды

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Бейжің қаласында өткен 31-ші Қытай халықаралық білім беру көрмесінде (China International Education Exhibition Tour) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылған Study in Kazakhstan ұлттық павильоны құрамында университеттің білім беру мүмкіндіктерін таныстырды.

Көрме аясында университет бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларын, шетел азаматтарына арналған қабылдау шарттарын, академиялық ұтқырлық мүмкіндіктерін, шәкіртақылық ұсыныстарды, сондай-ақ бірлескен білім беру және ғылыми жобаларды жүзеге асыру перспективаларын таныстырды.

Көрме барысында Қытай Халық Республикасынан студенттерді тарту, серіктестік байланыстарды дамыту және болашақтағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту үшін жаңа кәсіби байланыстар орнату мәселелеріне ерекше назар аударылды.



Pathumthani University (Таиланд) университетімен меморандумға қол қойылды



Бейжің қаласында өткен China International Education Exhibition Tour 2026 халықаралық білім беру көрмесіне қатысу аясында М. Әуезов атындағы ОҚУ Pathumthani University (Таиланд Корольдігі) университетімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Аталған құжатқа қол қою университеттің халықаралық серіктестік желісін кеңейту жолындағы кезекті маңызды қадам болып табылады және оның Азия білім беру кеңістігіндегі ұстанымын одан әрі нығайтуға ықпал етеді.

Auezov University Қытай Халық Республикасының жоғары оқу орындарымен ынтымақтастығын кеңейтуде

Әуезов университеті Xi'an Polytechnic University университетімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Қытай халықаралық білім беру көрмесі аясында қол қойылған меморандум студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығын дамыту, бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру, қос дипломды бағдарламаларды дамыту, шетелдік профессорлар мен visiting scholars тарту, сондай-ақ бірлескен ғылыми зерттеулер мен академиялық алмасуларды жүзеге асыру бағыттарында екіжақты ынтымақтастықты дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Xi'an Polytechnic University инженерлік-техникалық, цифрлық және технологиялық бағыттар бойынша мықты әлеуетке ие заманауи көпсалалы университет болып табылады. Бұл білім беру, ғылым және инновация салаларындағы бірлескен бастамаларды дамыту үшін елеулі мүмкіндіктер қалыптастырады.



Францияның Бас консулы Максим Жеренже студенттермен кездесті

Университетімізге Францияның Алматы қаласындағы Бас консулы Максим Жеренже сапармен келді.

Сапар аясында студенттермен Франкофонияның мәдени, лингвистикалық және институционалдық аспектілердегі заманауи міндеттеріне арналған кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында қатысушылар француз тілінің және франкофон кеңістігінің қазіргі әлемдегі рөлі, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты дамыту перспективаларын талқылады.

Бағдарламаның ерекше бөлігі француз спектакльдерінің фестивалі болды. Студенттердің қатысуымен қойылған



театрландырылған қойылымдар қонақтардың ерекше қызығушылығын тудырып, олардың көркемдік шеберлігі, шығармашылық көзқарасы және жоғары дайындық деңгейі жоғары бағаланды. Қойылымдар студенттердің француз тілін меңгеруімен қатар, Франция мәдениетін терең түсінетіндігін көрсетті.

Іс-шараға университет басшылығы, халықаралық ынтымақтастық өкілдері және Француз Альянсының өкілдері қатысты.



Корея Республикасының Бас консулы Ха Тэ Ук мырза бастаған делегациямен кездесу өтті



Сапардың мақсаты – білім, ғылым және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ корей университеттерімен өзара іс-қимылдың жаңа бағыттарын талқылау болды.

Кездесу барысында 2018 жылы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде ашылған Кинг Седжон институтының қызметіне ерекше назар аударылды. Бұл жоба корей тілі мен мәдениетін насихаттаудың, сондай-ақ Қазақстан мен Корея арасындағы академиялық байланыстарды нығайтудың маңызды алаңына айналды.

Бас консул студенттердің дайындық деңгейінің жоғары екенін атап өтіп, әріптестікті одан әрі дамытуға қолдау көрсетуге дайын екенін білдірді. Университет басшылығы өз кезегінде инновациялық білім беру тәжірибелерімен танымал Корея Республикасының жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты кеңейтудің маңыздылығын атап өтті.

Сапар аясында Кинг Седжон институтының білім алушылары үшін фуршет ұйымдастырылып, ол студенттердің делегация өкілдерімен бейресми жағдайда пікір алмасуына және корей мәдениетімен жақынырақ танысуына жақсы мүмкіндік болды.

Әуезов ғалымдары Сеул Ұлттық университетімен бірлесе ғылыми жобаны іске асырады

Университет ғалымдары AP23487689 «Климаттық өзгерістердің алдын алатын Түркістан облысының ауыл шаруашылығында табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттырудың экономикалық-математикалық моделін әзірлеу» ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде Сеул ұлттық университетінің Халықаралық ауыл шаруашылығы технологиялары жоғары мектебіне (Пхенчхан, Корея Республикасы) іссапармен барды.

Делегация құрамында жоба жетекшісі Алтын Есіркепова, докторант Динара Махмуд және University of Milan магистранты Роза Серикова болды.

Сапардың мақсаты – корейлік ғалымдардың климаттық өзгерістердің алдын алу бағытындағы зерттеулерімен танысу және аграр-



лық салада табиғи ресурстарды тиімді пайдалану бойынша заманауи тәсілдерді зерделеу. Бағдарлама аясында энергия тиімді агроқұрылымдардың өзара іс-қимыл модельдері қарастырылып, Кореяның өндірістік инфрақұрылымының ерекшеліктері зерттелді.

Сонымен қатар агроқұрылымдардың тиімді жұмыс істеуіне қажетті экономикалық жағдайларды қалыптастыру және климаттық өзгерістер жағдайында ауыл шаруашылығын тұрақты дамытуға бағытталған шетелдік тәжірибеге талдау жасалды.

Канада Елшісімен мазмұнды кездесу өтті

Университетімізге Қазақстандағы Канаданың Төтенше және Өкілетті Елшісі Кристофер Пол Дагген ресми сапармен келді.

Сапар аясында заң факультетінің студенттерімен кездесу өтіп, онда дипломатия, халықаралық құқық және білім беру алмасулары мәселелері талқыланды. Сонымен қатар канадалық университеттермен ынтымақтастықты дамыту, академиялық ұтқырлық пен бірлескен бағдарламаларды іске асыру перспективаларына ерекше назар аударылды.



Кездесу қорытындысы білім беру және ғылыми әріптестікті кеңейтуге бағытталған өзара ниеттің нығаюымен аяқталды.

Ғылым мен өндірісті ұштастырған тұлға: Серікжан Сейітжанұлының құрметіне жаңа мәжіліс залы ашылды

Университет тарихында өз еңбегімен ел дамуына үлес қосып, биік белестерді бағындырған түлектер аз емес. Солардың бірі – техника ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, іскер басшы әрі қоғам қайраткері Сейітжанов Серікжан Сейітжанұлы. Оның еңбек жолы – табандылық пен кәсібиліктің, білім мен басқару шеберлігінің жарқын үлгісі.

Білім белесі

Серікжан Сейітжанұлы 1949 жылы Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шілік ауылында дүниеге келген. 1971 жылы Қазақ химия-технологиялық институтын инженер-құрылысшы (технолог) мамандығы бойынша тәмамдап, еңбек жолына нық қадам жасады.

Ғылымға деген қызығушылығы оны үлкен жетістіктерге жетеледі. 1998 жылы докторлық диссертациясын қорғап, техника ғылымдарының докторы атанды. Сонымен қатар, Халықаралық ақпараттандыру академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланып, Калифорниядағы Халықаралық ғылым, білім, өнеркәсіп және өнер академиясының белсенді мүшесі атанды.

Ол Вена қаласындағы Халықаралық университеттің, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан



Еңбек пен жауапкершілік жолы

Еңбек жолын “Шымкентпромстрой” трестінің материалдар комбинатында шебер болып бастаған Серікжан Сейітжанұлы кәсіби біліктілігінің арқасында цех бастығы, бас инженер, комбинат директоры қызметтеріне дейін көтерілді. Басшылық қызметте 16 жыл еңбек етіп, өндіріс саласында мол тәжірибе жинақтады.

1990 жылдан бастап Қазақстан Компартиясының Шымкент қалалық комитетінің хатшысы қызметін атқарды. Кейін «Казконтракт» АҚ-ның вице-президенті, Қазақ КСР Мемлекеттік жабдықтау комитетінің Оңтүстік Қазақстан аумақтық басқармасының бастығы болды.

1999 жылдан «Онтустик» ЖАҚ президенті, ал 2003 жылдан бері “САУТС-ОЙЛ” ЖШС мұнай компаниясының президенті қызметін атқарып келеді.

Еңбек жемісі – құрмет

Серікжан Сейітжанұлының еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды.

Ол:

- «ҚР Еңбек сіңірген қайраткері» атағының иегері;
- «Парасат» орденімен марапатталған;
- «Қазақстанның даңқы» орденінің иегері;
- «Құрмет белгісі» наградасымен марапатталған;
- «Білім меценаты-2008» алтын медалі мен «Алтын жүрек» (2008) иегері;
- «Қазақстан көшбасшысы-2013» атағын алған;
- екі мәрте «Парыз» алтын мүсінінің иегері.

Бұл марапаттар – оның ел дамуына қосқан зор үлесінің айқын дәлелі.

Түлекке құрмет – ұрпаққа өнеге

Университетіміз өз түлектерімен әрдайым мақтанады және олармен тығыз байланысын үзбейді. Жуырда М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде Серікжан Сейітжанұлының құрметіне жаңа мәжіліс залы ашылды.

Салтанатты іс-шараға құрметті қонақтар – мемлекет және қоғам қайраткері, т.ғ.д., профессор, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының президенті Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы; ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор Есімов Беген Омарұлы; т.ғ.д., профессор, ҚР





Сонымен қатар, елімізге белгілі ғалымдар, университеттің профессор-оқытушылар құрамы, сондай-ақ Серікжан Сейітжанұлының отбасы мен туған-туыстары да шараның қадірлі қонақтары болды.

Іс-шараға жиналған қауым алдымен академик Сұлтан Сүлейменовтің ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Одан кейін жаңа мәжіліс залдың лентасы қиылып, қатысушылар Серікжан Сейітжанұлының білім, ғылым және өндіріс салаларындағы жетістіктері туралы деректі фильмді тамашалады.

Алғаш сөз алған академик Бақытжан Жұмағұлов жиналған қауымды ғылым айымен және үлкен дәрісхананың ашылуымен құттықтап, отандық ғылым мен білімнің дамуына зор үлес қосып жүрген Серікжан Сейітжановтың еңбегін ерекше атап өтті.



Кеш барысында қонақтар профессор С. Сейітжановтың студенттік жылдардағы естеліктері, ғылымдағы ізденістерін, олардың өндірісте қолданылуын, сондай-ақ оның адами қасиеттерін және ел игілігі жолындағы еңбектерін ерекше ықыласпен атап өтті.

Сөз кезегінде Құрметті профессор Серікжан Сейітжанұлы өз ұстазы Сұлтан Сүлейменовті еске алып, алғысын білдірді.

– «1969 жылы осы университетке абитуриент болып келдім. Содан бері міне, 60 жыл уақыт өтіпті. Осы жылдар ішінде білікті ұстаздардан тәлім алып, білім, ғылым және өндіріс саласында еңбек ету бақыты бұйырды. Бүгін сол еңбектің нәтижесін көріп отырғанымна қуаныштымын. Баршаңызға алғысымды білдіремін», – деді ол.

Мәжіліс залының ашылуы – тек бір тұлғаға көрсетілген құрмет қана емес, жас ұрпаққа бағытталған үлкен өнеге. Бұл аудитория болашақта ғылыми конференциялар, халықаралық кездесулер, дәрістер мен маңызды академиялық іс-шаралар өтетін заманауи білім мен ғылым алаңына айналады. Сонымен қатар, ол жас ғалымдар мен студенттерді ғылымға баулып, ел дамуына үлес қосатын жаңа идеялар мен бастамалардың ордасы болмақ.

Ең бастысы, конференц-зал университет түлегі әрі көрнекті ғалым Серікжан Сейітжанұлының ғылым мен білімге қосқан зор үлесін кейінгі буынға үлгі етіп, оның есімін ұлықтайтын тағылымды орталық ретінде қызмет етеді.



ҰҒА академигі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сүлейменов Жүсіп Тәшірбайұлы; т.ғ.д., профессор, ҚР Білім беру ісінің үздігі, «Құрмет» орденінің иегері Сейітжанов Керімжан Сейітжанұлы және университеттің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Иманғалиев Ернар Иманғалиұлы қатысты.



Чернобыль қасіреті: Тағылым және дайындық

1986 жылғы 26 сәуір — адамзат тарихындағы ең ірі техногендік апаттардың бірі орын алған күн. Бұл күні Чернобыль атом электр станциясы аумағында жойқын жарылыс болып, бүкіл әлемді дүр сілкіндірген Чернобыль апаты орын алды. Бұл трагедия тек экологиялық ғана емес, сонымен қатар адамзатқа қауіпсіздік пен жауапкершіліктің маңызын ұқтырған ауыр сабақ болды.



Чернобыль қасіреті мыңдаған адамдардың өмірін өзгертті.

Радиоактивті ластану үлкен аумақтарға таралып, оның салдары бүгінгі күнге дейін сезілуде. Бұл апаттың зардаптарын жоюға бүкіл Кеңес Одағынан жүздеген мың адам жұмылдырылды. Солардың қатарында Қазақстаннан да 30 мыңнан астам азамат қатысып, олардың әрқайсысы адам өмірін сақтап қалу жолында жанқиярлықпен қызмет етті. Алайда осы қиын кезеңде апаттың зардаптарын жоюға қатысқан батырлардың ерлігі тарихта мәңгі сақталып қалды.

Бүгінде бұл трагедиядан алынған сабақтар әскери дайындық жүйесінде ерекше орын алады. Соның ішінде «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ әскери кафедраның қызметінде де бұл бағыт айқын көрініс табады. Әскери кафедра 1963 жылы Қазақ химия-технологиялық институты базасында құрылып, сол жылдан бастап запастағы офицер-

лерді даярлау жүйелі түрде қолға алынды.

1997 жылдан бастап әскери кафедрада жаңа әскери мамандықтар бойынша даярлау басталып, оның қызмет аясы кеңейе түсті. Бүгінде әскери кафедрада офицерлер мен сержанттар запасы түрлі әскери-есептік мамандықтар бойынша дайындалады. Әсіресе радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс бағытындағы мамандарды даярлау ерекше маңызға ие. Химиялық әскери есеп мамандықтары бойынша оқитын студенттер радиациялық және химиялық барлау жүргізуді, ластанған аумақты бағалауды, арнайы өңдеу жұмыстарын ұйымдастыруды, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын пайдалануды үйренеді.

Оқу барысында төтенше жағдайлар кезінде бөлімшелерді басқаруға, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, жедел әрекет етуге; моральдық-психологиялық тұрақтылыққа ерекше көңіл бөлінеді.

Бұл білім мен дағдылар болашақ офицерлерді төтенше жағдайларда дұрыс әрі жедел шешім қабылдауға үйретеді.

Чернобыль қасіреті — болашаққа сабақ

Чернобыль апаты бүкіл әлемге дайындықтың, тәртіптің және кәсіби біліктіліктің қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Сол кездегі көптеген мамандар қауіпті толық түсінбесе де, өз міндеттерін абыроймен орындады.


Ал бүгінгі әскери кафедра студенттері осы тарихи тәжірибені ескере отырып дайындалады. Олар кез келген төтенше жағдайларда — техногендік апаттарда, экологиялық дағдарыстарда немесе радиациялық қауіп

туындаған кезде — халықты қорғауға, жағдайды бақылауға және залалды азайтуға дайын болады.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті әскери кафедрасы — бұл тек білім ордасы ғана емес, сонымен қатар патриотизм мен жауапкершіліктің мектебі. Мұнда дайындалған офицерлер мен сержанттар — ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сенімді резерв. Олар төтенше жағдайларда да, батыл әрі сауатты әрекет етуге қабілетті.

Чернобыль — өткеннің қайғысы ғана емес, болашаққа берілген ескерту. Ал сол ескертуді назарға алу, дайындықты күшейту — бүгінгі буынның басты міндеті.

И.АХМЕТОВ,
«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ әскери кафедра оқытушысы, запастағы подполковник



Ерлердің дара жолы

1990-жылдардың басында бұрынғы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азия аймағында саяси тұрақсыздық күшейе түсті. Соның ішінде Тәжікстандағы азаматтық соғыс аймақ қауіпсіздігіне үлкен қатер төндірді. Осы қақтығыстың салдарынан Тәжікстан мен Ауғанстан шекарасы арқылы қарулы топтардың енуі жиілеп, шекаралық жағдай күрделене түсті.

Қазақстандық сарбаздар саны жағынан аз болса да, қарсыластың шабуылына батыл тойтарыс берді. Қақтығыс бірнеше сағатқа созылып, ауыр жағдайда өтті. Жауынгерлер соңғы мүмкіндіктеріне дейін шайқасып, өз позицияларын тастамады. Олар әскери антқа адалдықтың, Отан алдындағы борышты өтеудің нағыз үлгісін көрсетті.

Өкінішке қарай, бұл шайқас Қазақстан үшін ауыр шығынмен аяқталды. 17 қазақстандық сарбаз ерлікпен қаза тапты. Олардың көпшілігі жас жігіттер еді, Отан алдындағы борышын өтеу үшін алыста жүріп, өз өмірлерін құрбан етті. Бұл оқиға Қазақстан қоғамына қатты әсер етіп, ел ішінде үлкен қайғы туғызды.

Бұл қақтығыс Қазақстан Қарулы Күштері үшін маңызды сабақ болды. Біріншіден, халықаралық бітімгершілік операцияларға қатысудың қаншалықты қауіпті екенін көрсетті. Екіншіден, әскери дайындық пен үйлесімді әрекеттің маңыздылығын дәлелдеді. Үшіншіден, қазақстандық сарбаздардың кез келген жағдайда өз міндетін адал орындай алатынын айқын көрсетті.

Бүгінгі таңда Қазақстан халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтау ісіне белсенді қатысатын мемлекеттердің бірі. Қазақстандық бітімгерлер БҰҰ миссиялары аясында әлемнің түрлі аймақтарында қызмет атқарып келеді.

Ал 1995 жылғы 7 сәуірдегі оқиға – осы жолдағы алғашқы әрі ең ауыр сынақтардың бірі ретінде тарихта қалды.

Еліміздің кинематографтары тәжік-ауған шекарасында қызметін өтеген қазақстандық әскерилер және қаза тапқан 17 жауынгер жайлы түсірген «Қазбат» атты көркем фильм жарыққа шықты. Қазіргі уақытта туынды үлкен экрандарға шығып, көпшіліктің қошеметіне ие болды. Шекара шебінде қызмет атқарған және фильмді түсіруге атсалысып, фильмнің басты кейіпкерлерінің бірі 7 рота командирінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болған, бүгінде құрметті зейнет демалысына шыққан әріптесіміз запастағы полковник Берік Омаров Әскери борышын өтеу кезінде көрсеткен ерлік пен жанқиярлық үлгісі үшін ол II дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.

Бүгінде, тәжік-ауған шекарасындағы қақтығысқа қатысқан М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедра бастығы полковник Кенжебаев Жақып Амангелдіұлы, әскери кафедра бастығының орынбасары запастағы подполковник Урустамбеков Абдихан Амирханович «Тәжік-ауған шекарасындағы қызметі», «Ерекше қызметі» үшін медальдарымен марапатталған. Мінеки, мұның барлығы да Отанды шексіз сүюдің жарқын

үлгісі болып табылады. Туған елімізді көздің қарашығындай қорғап, оны шексіз сүю – әр азаматтың міндеті және перзенттік борышы. Ел тыныштығын қамтамасыз ету – отан сүйгіштіктің белгісі деп айтсақ болады.

Қаза тапқан жауынгерлердің ерлігі елеусіз қалған жоқ. Олар қайтыс болғаннан кейін мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың есімдері Қазақстан тарихында мәңгі сақталып, батырлық пен патриотизмнің символына айналды. Бүгінде бұл жауынгерлердің туып-өскен жерлеріндегі мектеп, көше, саябақтар олардың есімімен аталады.

Қазіргі уақытта Тәжікстандағы аталған тау шатқалында ескерткіш тақта орнатылған. Олардың есімімен Қазақстанның қалалары мен облыстарында орта мектептер, сая-бақтар, ескерткіштер және көшелер аталған.

Соғыстың аты – соғыс, ол адамзатқа тек қасірет алып келетінімен белгілі. Тарих бетіне өзінің қанды ізін қалдырған соғыстарда талай ерлердің тағдырын оққа ұшты. Жат жерде соғысқан жауынгерлер елге абыроймен оралғанымен, мырыш табытпен елге қайтқаны да аз емес. Сарбаздар күш-жігері мен ерік-қуаты мол, интернационализм идеяларын бойына сіңіріп, Отан алдындағы борышын адал атқарды.

Иә, өлгендер қайтып келмейді, бір-ақ, соғыс жүрегіне өшпес жара салған азаматтарға құрмет көрсету – біздің қасиетті парызымыз.

Тәжік-Ауған шекарасындағы қақтығыс – тек әскери оқиға ғана емес, ол қазақстандық жауынгерлердің ерлігі мен қайсарлығының айқын көрінісі. Бұл күн – Отан үшін жанын қиған сарбаздарды еске алу, олардың ерлігін ұрпақ санасына сіңіру күні болып табылады.

Ж.Ибатов,
«М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ
әскери кафедрасының оқытушысы,
запастағы майор



Осыған байланысты ТМД елдері бірлесіп, Тәжік-Ауған шекарасын қорғау мақсатында бітімгершілік күштерін орналастырды. Қазақстан да бұл миссияға өз үлесін қосып, арнайы құрама ротасын жіберді. Қазақстандық әскери қызметшілердің негізгі міндеті – шекараны күзету, заңсыз қарулы топтардың өтуіне тосқауыл қою және аймақтағы тұрақтылықты сақтау болды.

1995 жылғы 7 сәуірде Қазақстанның құрама ротасы Тәжікстанның оңтүстігіндегі Пшихавр шатқалы маңында кезекті жауынгерлік тапсырманы орындау барысында күтпеген жерден қарулы топтардың шабуылына ұшырады. Бұл топтар Ауғанстан аумағынан өткен заңсыз қаруланған содырлар болатын. Шабуыл жақсы ұйымдастырылған және алдын ала жоспарланған еді.

Әскери кафедрада «Ашық есік» күні өтті



М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің әскери кафедрасы - отансүйгіштік пен әскери тәртіпті ұштастырып, ел қорғанына айналар жас буынды тәрбиелейтін стратегиялық маңызды құрылым.



дирлері қатысып, болашақ сарбаздарға сәттілік тіледі. Қатысушылар әскери кафедраның оқу-материалдық базасымен кеңінен танысып, әскери техникалармен жұмыс істеу тәртібі, оқу үдерісінің ұйымдастырылуы, әскери дайындықтың өзіндік ерекшеліктері және болашақта ашылатын мүмкіндіктері туралы жан-жақты әрі мазмұнды ақпарат алды.

Іс-шара барысында студенттер жекпе-жек ұрыс тәсілдерін, қарумен қозғалу және саптық дайындық элементтерін кәсіби деңгейде көрсетіп, көрермендердің ерекше қызығушылығын тудырды. Бұл көріністер жастарға әскери тәртіп пен төзімділіктің, батылдық пен жауапкершіліктің айқын үлгісін көрсетті.

Қазіргі таңда, әскери кафедра, тек М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде оқитын студенттер қатарынан 4 әскери даярлық бағдарламасы бойынша запастағы офицерлерді дайындайды және

6 әскери даярлық бағдарламасы бойынша запастағы сержанттарды дайындайды.

Аталған шараға 1500-ге жуық оқушы мен студент қатысып, өз болашағын әскери саламен байланыстыруға деген қызығушылықтарын арттырды.



Аталмыш кафедрада Ұлы жеңістің 81 жылдығы қарсаңында “Ерлікке тағзым” акциясы аясында және “Отан қорғаушылар” күніне орай Шымкент қаласы колледждері мен мектептері оқушыларына кәсіби бағдар беруге арналған ашық есік күні өтті. Салтанатты шара әскери сап түзеумен басталып, кафедра басшылығы мен университет өкілдерінің құттықтау сөздеріне ұласты. Университеттің әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Ғани Бесбаев іс-шараның тәрбиелік мәніне тоқталып, әскери кафедраның талай әскери

саланың үздіктерін даярлап шығарғанын мақтанышпен айтып өтті.

Жастарға кәсіби бағдар беру және оларды отансүйгіштікке тәрбиелеуді мақсат еткен шара әскери кафедра бастығы, полковник Жакып Кенжебаевтың құттықтау сөзімен жалғасты. Өз сөзінде бұл кездесудің жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудегі маңызы зор екенін атап өтіп, әскери кафедраның негізгі қызметі мен мақсаттарына тоқталды.

Сондай-ақ, шараға Шымкент гарнизонының басшылығы, жоғары шеңді офицерлер мен әскери бөлім коман-



Нанотехнологияның қолдану саласы және Қазақстандағы даму перспективалары



Нанотехнология – өлшемі 1–100 нанометр аралығындағы бөлшектерді зерттеу және қолдану ғылымы. 1 нанометр = 10^{-9} метр. Бұл деңгейде заттардың қасиеттері өзгереді (беріктік, электрөткізгіштік, реакцияға қабілеттілік). Нанотехнология – бұл көзге көрінбейтін өте ұсақ бөлшектерді ретке келтіре отырып, оның ерекшеліктерін алдын-ала белгілеп беру арқылы әлдебір құрылымды құрастыруға қажетті жекелеген атомдарды ыңғайластыра орналастыру. Нанотехнология – кеңістіктің нанометрлік аймағындағы жеке атомдарға, молекулаларға, молекулалық жүйелерге әсер ету арқылы жаңа физика-химиялық қасиеттері бар молекулалар, наноқұрылымдар, наноқұрылымдар мен материалдар алу мүмкіндіктерін зерттейтін қолданбалы ғылым.

Нанотехнологияның шығу тарихы: Аңыз-ертегілердегі аспанға ұшатын ағаш ат пен кілем, желаяқ етіктер, аста-төк дастарқан, қиялдағыны көз алдыға алып келетін қол айна секілділер шындыққа айналып, дәл қазір "көне дүниелер" санала бастады. Нанотехнология да өмірге осындай қиял мен әуестік нәтижесінде келген еді.

1986 жылы студент Эрик Дрекслер өзінің "Жасампаз машина" аталатын футуристік эссесінде тұңғыш рет молекулалық технология атауын қолданады. Ол фантаст-жазушы Станислав Лемнің идеяларына өз қиял-болжамдарын қосақтай отырып, "Саналы тіршілік ортасының" жалпы бет-бейнесін жасап шығады. Осы болжамға сәйкес, ХХІ ғасырда нанороботтар әрбір заттың, әрбір адам ағзасының ішіне енгізіледі де, адамзат қоршаған әлеммен бірге тұтастай саналы компьютерге айналады. Мұндай идея Эссе Дрекслерден бұрынырақ пайда болған көрінеді.

1981 жылы IBM корпорациясының швейцариялық филиалындағы екі инженер, Герд Бинниг пен Гейнрих Рорер мәнерлеп туннельдеуші микроскоп ойлап тауыпты. Микроскоптың құрылымы аса қарапайым: шамалы қысымға қосылған аса жіңішке ине бір нанометр шамасындағы қашықтықта материалдың үстімен жылжып отырады. Осы кезде инелердің өткір ұшы материалдың беткі қабатына электрондарды тесіп өткізеді де, соның нәтижесінде шамалы тоқ пайда болады,

оның көлемі ине мен беткі қабаттың арасындағы қашықтыққа байланысты болады. Осылайша материалдың беткі қабатынан жекелеген атомдарды "ажыратуға" мүмкіндік туады. Бұл ғылымның пайда болуын 1959 жылы Нобель сыйлығының лауреаты, АҚШ физигі Р.Фейнманның жеке атомдарды манипулятор көмегімен қозғалту мүмкіндіктері туралы жасаған баяндамасымен байланыстырады.

«Нанотехнология» терминін қолданысқа алғаш рет 1974 жылы жапон физигі Норио Танигути енгізген. Макроскопиялық заңдылықтарға сүйенетін басқа инженер ғылымдардан нанотехнологияның негізгі ерекшелігі, нанонысандар үшін кванттық және молекулааралық өзара әсерлесуінің күшті болуына байланысты.

Нанотехнологияның қолдану салалары

Медицина: Дәріні дәл жеткізу, Қатерлі ісікті емдеу, Диагностика.

Энергетика: Күн батареяларының тиімділігін арттыру, Жаңа аккумуляторлар жасау.

Өнеркәсіп: Берік материалдар және тозуға төзімді жабындар.

Экология: Суды тазарту, Ауаны фильтрациялау.

Нанотехнологияның негізгі міндеттері

Қазір ғалымдар тұсауы жаңа кесілген нанотехнологияның үш негізгі міндеттерін айқындап алды:

Біріншіден, осының көмегіне сүй-

ене отырып, атомдарды өз қалауымызша тікелей орналастыру жүзеге асырылады, яғни ерекше қасиеттерге ие болған материалдар жасалады.

Екіншіден, көлемдері жекелеген молекулаларға немесе атомдарға тең белсенді элементтері бар электрондық схемалардың өндірісін ұйымдастыру көзделіп отыр.

Үшіншіден, ғалымдар көлемі молекулаға тең механизмдер мен роботтар, яғни наномашиналар жасауды көздеуде.

Нанотехнологияны Қазақстанда дамытудың алдыңғы шарттары:

2007-2008 жылдары отандық жоғары оқу орындарында инженерлік бағыттағы 15 ғылыми зертхана құрылып, жұмыс істей бастады. Бұл салаға республикалық бюджеттен азды-көпті қаражат та бөлінген. Алдағы 10-15 жылда нанотехнологиялық материалдарды қолдану тәсілімен шығарылатын бұйымдардың көлемі триллион доллар болады деп күтілуде.

Сол жылдан бастап еліміздің 10 алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында қазіргі талапқа сай жабдықтармен жабдықталған инженерлік зертханалар ашылған болатын. Солардың қатарында Әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік университеті мен М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетіндегі «Наноинженерлік зерттеу әдістері» зертханасы.

2012 жылы Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде «Нанотехнологиялар»

ғылыми зертханасы ашылды. Тараз мемлекеттік университетінде бүгінгі күні электронды микроскоптар мен рентгендік микроталдаулар жасалып, құрылыстық, композициялық материалдарды, азық-түлік өнімдерін физикалық-химиялық зерттеу әдістері жалғасын табуда.

Дамуындағы проблемалар: Дегенмен бұл саланың дамуына кедергі келтіретін мәселелер де бар. Олар: қаржыландырудың жеткіліксіздігі, білікті мамандардың аз болуы, ғылыми инфрақұрылымның шектеулілігі, қауіпсіздік және этикалық мәселелер.

Бұл проблемаларды шешу үшін ғылым мен білім саласын дамыту өте маңызды.

Болашақ мүмкіндіктері: Нанотехнологияның болашағы өте зор. Қазақстанда оны дамыту үшін: ғылыми зерттеулерге инвестицияны арттыру, жаңа мамандар даярлау заманауи зертханалар ашу, халықаралық ғылыми серіктестікті дамыту қажет.

Қорытындылай келе нанотехнология – болашақ ғылымының маңызды бағыты. Ол медицинада, энергетикада, өнеркәсіпте және электроникада үлкен өзгерістер жасауға мүмкіндік береді. Қазақстан үшін де бұл саланың дамуы экономикалық және ғылыми әлеуетті арттыруға жол ашады.

А.ЖАКАНБАЕВ.,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
колледжінің химия пәні
оқытушысы

Академическая мобильность – ценный опыт

Программа академической мобильности в Южно-Казахстанском исследовательском университете имени М. Ауэзова является важным направлением подготовки современных специалистов, открывающим студентам широкие возможности для обучения в ведущих зарубежных вузах. Участие в программе позволяет расширить академический кругозор, получить международный опыт, а также развить профессиональные, языковые и межкультурные компетенции, повышая конкурентоспособность будущих выпускников на мировом рынке труда.

В рамках программы академической мобильности в период с 25.09.2025 по 19.01.2026 студентка гр.ФИ-24-2р Хасантаева Ш. прошла обучение по внешней академической мобильности в Университете Акдениз (Турция). Обучение проводилось в многоязычной и межкультурной среде, что способствовало расширению профессиональных, языковых и коммуникативных компетенций, а также углублению знаний в области филологии и методики преподавания языков.



В период обучения были освоены следующие учебные дисциплины:

- История русской культуры (Öğr.Gör. Serdar Metreş)
- Лексикология (Öğr.Gör.Dr. Renata Aktaş)
- Введение в русскую литературу (Öğr.Gör. Serdar Metreş)
- Русская грамматика (Dr. Öğr. Üyesi Fatih Düzgün)

Данные дисциплины способствовали развитию аналитического мышления, языковой компетенции и профессиональных навыков будущего преподавателя.

Занятия проводились квалифицированными преподавателями Университета Акдениз, имею-

щими международный академический опыт. В ходе обучения использовались современные методы преподавания.

Преподаватели уделяли особое внимание развитию критического мышления, самостоятельной работе студентов и практическому применению теоретических знаний.

В рамках академической мобильности Хасантаева Ш. приняла участие в следующих мероприятиях:

- открытые лекции приглашённых профессоров;
- студенческие научные конференции, где рассматривались вопросы языка, литературы и образования в международном контексте.



Участие в данных мероприятиях позволило расширить научный кругозор и получить опыт академического общения.

Несмотря на необходимость адаптации к новым требованиям, обучение сопровождалось ощущением постепенного профессионального роста и укреплением уверенности в собственных знаниях и возможностях, получая уникальный международный опыт, развивая мягкие навыки, улучшая языковые компетенции и повышая конкурентоспособность при уникальном образовательном опыте и приобретении интернациональных контактов, которые могут быть полезны для дальнейшего.

Программа академической мобильности в Университете Акдениз стала важным этапом профессионального и личностного развития. Опыт обучения за рубежом повысил мотивацию к профессиональному росту и научной работе. Полученные знания, умения и навыки будут использованы в дальнейшей учебной и педагогической деятельности.

**ст.гр.ФИ-24-2р1
ХАСАНТАЕВА Ш.**



Кәсіби бағдар беру жұмыстары – болашаққа бастар жол

Қазіргі қоғамда мамандық таңдау – әрбір жас үшін жауапты әрі маңызды қадамдардың бірі. Осы ретте кәсіби бағдар беру жұмыстарының рөлі ерекше. Ол оқушыларға өз қабілеттері мен қызығушылықтарын анықтауға, сондай-ақ болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектеседі. Кәсіби бағдар беру жұмыстарының басты маңызы – оқушыны еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтармен таныстыру. Бұл жастардың уақыт талабына сай, бәсекеге қабілетті маман болуына негіз қалайды. Сонымен қатар кәсіби бағдар беру жұмыстары жастардың өз-өзіне деген сенімділігін арттырып, нақты мақсат қоюына ықпал етеді. Әртүрлі оқу орындарымен танысу, мамандармен кездесу, тәжірибелік сабақтарға қатысу – мұның барлығы олардың дүниетанымын кеңейтеді. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру – сапалы әрі білікті маман даярлаудың кепілі болып табылады.



ген қызығушылығын арттырып, нақты мақсат қоюына ықпал етті. Кәсіби бағдар беру жұмыстарының басты мақсаты – оқушыларға бағыт беру, олардың қабілеттерін ескере отырып, дұрыс мамандық таңдауға көмектесу. Осы тұрғыда ұйымдастырылған бұл кездесу өз нәтижесін беріп, түлектер үшін пайдалы әрі маңызды шаралардың бірі болды. Қорытындылай келе, мұндай кездесулер жас ұрпақтың са-

налы таңдау жасауына жол ашып, болашақта білікті маман болып қалыптасуына негіз болады.

Ж.КИЗБАЕВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
колледжінің
“Қазақ тілі” кафедрасының
оқытушысы, магистр

М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі осы бағытта үздіксіз жұмыс істеп келеді. Жуырда бірқатар мектептердің бітіруші түлектерімен кездесу ұйымдастырылды. Мектептердегі 9, 11 сыныптарға жеке кіріп түсіндіру жұмыстарын жүргіздім. Атап айтқанда, А.Байтұрсынов атындағы №50 мектеп пен Ұлықбек атындағы №3 мектептің бітіруші сынып оқушыларымен арнайы кездесу өтті. Кездесу барысында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінің мамандықтары кеңінен таныстырылды. Іс-шара барысында колледж өкілдері оқу орнында дайындалатын мамандықтар, білім беру жүйесі, оқу шарттары мен студенттерге жасалатын мүмкіндіктер туралы толық ақпарат берді. Сонымен қатар, қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға ерекше тоқталып, талапкерлерге дұрыс таңдау жасау жолдары түсіндірілді. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды. Мұндай ашық форматтағы әңгіме олардың болашақ мамандықтарына де-



Өмірге құштар жүрек: білім мен спорт – қос қанат



Адам өмірі – сан түрлі сынақтар мен мүмкіндіктерге толы үлкен жол. Сол жолда сүрінбей өту емес, сүрінсе де қайта тұрып, алға қадам басу – нағыз ерлік пен қайсарлықтың белгісі. Осындай өмірлік ұстанымды бойына сіңіріп, тағдырдың ауыр соққыларына мойымай, керісінше оны жеңіске айналдыра білген жандардың бірі – Ералиев Заңғар Габитович.

Заңғар Түркістан облысы, Ордабасы ауданына қарасты Қызылту ауылында дүниеге келген. Балалық шағы әрбір ауыл баласына тән – алаңсыз, еркін, қимыл-қозғалысқа толы өтті. Ағашқа өрмелеу, турникке тартылу, достарымен жарысып ойнау – оның күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі болатын. Осындай белсенді өмір салты оның бойында ерік-жігер мен төзімділіктің алғашқы негізін қалыптастырды.



Мектеп табалдырығын С.Мұқанов атындағы білім ордасында аттаған Заңғар алғашқы күннен-ақ білімге құштарлығымен ерекшеленді. Алайда 2015 жылы болған жол-көлік оқиғасы оның өмірін күрт өзгертті. Бұл – жас өмір үшін ауыр сынақ болды. Сол апаттан кейін ол I топ мүгедектігі бар жанға айналып, арбаға таңылды. Бір сәтте бәрі өзгерді: арман, жоспар, қалыпты өмір ырғағы...

Алғашқы кезеңдер өте ауыр өтті. Күндер аурухана палаталары мен оңалту орталықтарында жалғасты. Жан дүниесінде торығу мен үмітсіздік те орын алды. Дегенмен, дәл осындай сәттерде адамның ішкі күші мен айналасындағы қолдау ерекше рөл атқарады. Заңғар үшін сол тірек – оның анасы болды.

Ұстаз анасының жүрекке жетер жылы сөзі, сенімі мен мейірімі оның өмірге деген көзқарасын түбегейлі өзгертті. Анасы оған: «Білім – адамды биікке жетелейтін ең сенімді жол» екенін үнемі айтып, жігер берді. Осы сөздер Заңғардың өмірлік ұранына айналды. Ол қиындыққа мойынсұнбай, қайтадан алға ұмтылуға бел буды.

Осылайша, білім мен спорт оның өміріндегі басты екі бағытқа айналды. Ол бар күш-жігерін оқуына арнап, үздік нәтижелерге қол жеткізді.

Еңбегінің жемісі ретінде мектепті «қызыл аттестатпен» тәмамдап, М. О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне «Есеп және аудит» мамандығы бойынша мемлекеттік грантқа оқуға түсті. Бұл – оның табандылығы мен еңбекқорлығының айқын дәлелі еді.

Заңғар үшін спорт тек хобби емес, өмірлік серікке айналды. Шахмат, шашка, қол күресі сияқты спорт түрлерімен айналыса отырып, ол өзін жан-жақты дамытты. Әсіресе шахмат пен шашка оның ойлау қабілетін жетілдірсе, қол күресі физикалық күш пен рухани төзімділікті шыңдады. Аудандық жарыстарда үнемі жүлделі орындарға ие болып, өз мүмкіндігін дәлелдеп отырды.

Оның спорттағы жетістіктері жыл өткен сайын арта түсті.

2025 жылдың сәуір айында Тараз қаласында өткен жастар арасындағы қол күресінен II орын алып, үлкен жеңіске қол жеткізді. Ал сол жылдың желтоқсан айында Дубай қаласында өткен «Пара Азия» ойындарында қола медаль иеленуі – оның қажырлы еңбегі мен қайсарлығының нәтижесі. Бұл жетістік – тек Заңғардың ғана емес, оны қолдаған отбасының, жақындарының ортақ қуанышы.

Заңғардың өмір жолы – кез келген адамға үлгі боларлық тағылым. Ол қиындықты кедергі емес, керісінше мүмкіндік ретінде қабылдай білді. Оның табандылығы мен өмірге деген құштарлығы көп жандарға мотивация сыйлайтыны анық.

Бүгінде Заңғар нық сеніммен алға қадам басып келеді. Ол үшін өмірдің мәні – күресте, ал жеңіс – табандылықта. Қандай жағдай болмасын, адам



өзіне сенсе, алынбайтын асу жоқ екенін дәлелдеп отыр.

Қорытындылай келе, Заңғар Ералиев өмір жолы – жігер мен үміттің, еңбек пен табыстың жарқын үлгісі. Оның «білім мен спорт – қос қанатым» деген ұстанымы шын мәнінде оның өмірлік бағытын айқындап отыр. Осындай қайсар жандар барда қоғамның да болашағы жарқын болмақ.

Н.САРКУЛОВА,
ЭФ 25-7к тобының тәлімгері



Өз болашағыңа – «Болашақ» бағдарламасымен бірге!

2021 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша жыл сайын «Болашақ» бағдарламасы аясында 500 қазақстандық ғалым әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтеді. Бұл туралы Президент «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс – қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында озық ғылыми технологияларды трансферттеу мақсатында әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Ғалымдар үшін тағылымдама жетекші шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, ғылыми орталықтар мен салалық ұйымдарда ғылыми, ғылыми-техникалық кадрлардың біліктілігін арттыруға бағытталған.



Ғылыми тағылымдамалар бағдарламасының мемлекеттік тапсырысшысы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі болып табылады.

Осы тағылымдама аясында М.Әуезов атындағы ОҚЗУ «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебі, «Бейорганикалық және мұнайхимия өндірістерінің технологиясы» кафедрасының аға оқытушы, PhD Артыкова Жадыра Куанышовна 03.03.2025 ж. - 28.02.2026 ж. аралығында Германия, Бремен қаласы, «Constructor University» жоғарғы оқу орнында, «Органикалық химия» бағытында ғылыми тағылымдамадан өтіп қайтты.

Тағылымдама нәтижесі бойынша Ж.К.Артыкова 2026 жылдың 2 сәуірінде ғылыми семинарда баяндама жасады. Ғылыми семинарға жоғары мектептің «Ғылыми жұмыстар және инновация» жөніндегі декан орынбасары, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Л.Д.Айкозова, кафедраның профессор-оқытушылары, атап айтқанда т.ғ.к., доцент, кафедра меңгерушісі Н.М.Дәуренбек, т.ғ.д., профессор О.Қ. Бейсенбаев, т.ғ.д., профессор А.А. Анарбаев, т.ғ.к., профессор Сейтмагзимова Г.М., кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына жауапты т.ғ.к.,

профессор Ш.Т.Кошкарбаева және ғылыммен айналысатын оқытушылар, докторанттар, магистранттар мен студенттер қатысты.

Ж.Артыкова өзінің ғылыми тағылымдама барысында «Constructor University» жоғарғы оқу орнының белгілі ғалымдары - х.ғ.д., профессор Тевяшова Анна, профессор Улрих Корц, сонымен қатар профессор Якоб Фрухма атты профессор оқытушылармен тығыз байланыста болып, осы ғалымдардың жетекшіліктерімен біліктілікті жоғарылату курстарын, зертханаларда зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жаңа заманауи қондырғыларында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша Scopus базасына кіретін журналда, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті негізгі зерттеу нәтижелерін жариялау үшін ұсынған жарияланымда мақалалары жарияланған.

«Болашақ» бағдарламасы стипендиаттарға әлемдік деңгейдегі білім алумен қатар кәсіби тұрғыда өсуге нақты мүмкіндік беретініне тағы да дәлелдеп отыр. Осы орайда «Бейорганикалық және мұнайхимия өндірістерінің



технологиясы» кафедрасының аға оқытушы, PhD Артыкова Жадыра Куанышовнаның шетелде алынған академиялық білімді Қазақстан еңбек нарығының нақты сұраныстарымен ұштастыра алатындығына сенім білдіреміз. Алдағы ғылыми жұмыстарына сәттіліктер тілейміз!

Л.АЙКОЗОВА,
«Химиялық инженерия және биотехнология» ЖМ
«Ғылыми жұмыстар және инновация» жөніндегі декан орынбасары, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Ш. КОШКАРБАЕВА,
«БЖМХӨТ» кафедрасының ғылыми-зерттеу жұмысына жауапты, т.ғ.к., профессор

